Сөз сөйлегендер: Байкина Ж.С - бастауыш сынып мұғалімі
Өте маңызды мәселе бұл тек жоғары маңызды емес, сонымен қатар жас ерекшеліктері де маңызды емес, бастауыш оқушы балаларына да сақ болу керек.

Қаулы: ақпарат назарға алынсын, сынып сағаттарында 23.01-03.02.2023ж аралығында тәрбие жұмыстары жүргізілсін. Жауапты Жамиева Р.Б, Хонай К

Бесінші сұрақ бойынша оқу-тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасары Садыкова С.С педагогикалық этиканы сақтау туралы айтты.
ҚР Білім және ғылым министрінің 2020ж 11 мамырдағы №190 бұйрығымен педагогикалық әдеп қағидаларымен коллективті, оған қосылған жас мамандарды таныстырды. Жалпы ережелеріне, педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарына, нормаларына тоқталып өтті. Педагогтер қызметтік және қызметтік емес уақытта педагогикалық әдеп ережелерін сақтау керектігіне тоқталып өтті
Мәлімет слайдтар арқылы көрсетілді (қосылады)

Сөз сөйлегендер: Имамбаманова А.Ж - мектеп директоры
Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшем шарттарының бірі болып табылады. Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда, әріптестермен қарым-қатынас жасауда, жұмыстан тыс уақытта да педагогтердің этика сақтауын ескертіп, нормалармен қағидаларын сақтау талап етілетіні туралы айтты.

Қаулы: 5. Педагогикалық этиканың ережелері талаптары қатаң сақталсын.

Алтыншы сұрақ бойынша мектеп директоры педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022ж 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығымен таныстырды. Педагогтерді аттестаттау „Педагог мәртебесі" туралы" ҚР Заңының 15-б 1-тармақ 3) тармақшасына сәйкес бес жылда бір рет өткізіледі
Білім беру ұйымында: „педагог-тағылымдамашы",
„педагог" біліктілік санаттары үшін;
аудандық, облыстық маңызы бар қалалық білім бөлімінің органдарында „педагог-модератор",
„үшінші біліктілік санатты басшы орынбасары",
„екінші біліктілік санатты басшы орынбасары"
„басшы-ұйымдастырушы" санаттары үшін;
облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беру басқармаларында, білім беру саласындағы уәкілетті органдарда
„педагог-сарапшы", „педагог-зерттеуші"
„бірінші біліктілік санатты басшы орынбасары"
„басшы-менеджер", „басшы-көшбасшы" санаты үшін 5
„педагог-шебер" Ы. Алтынсарин академиясында